

Бұрынғы темекі фабрикасының мүлкін Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 мамыр N 583

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, нарықтық инфрақұрылымды, инновациялық қызмет пен қолөнер кәсібін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласы әкімінің Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117 мекен-жайы бойынша орналасқан бұрынғы темекі фабрикасы ғимараттарының өндірістік кешенін, құрылыстарын, негізгі құралдарын (бұдан әрі - Мүлік) Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Мүлікті Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, "Филип Моррис Қазақстан" ашық акционерлік қоғамы мен "Филип Моррис Холланд Б.В." компаниясы арасында жасалған өтеусіз беру туралы 2002 жылғы 3 мамырдағы N 397 шартқа сәйкес қызметі темекіні, темекілік және темекімен байланысты өнімді сақтаумен, қайта өңдеумен және өндірумен байланысты болмайтын Өнеркәсіптік паркті құру және тиімді дамыту үшін Мүлікті пайдалануды қамтамасыз етсін.

4. "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге

қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141

P981141_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 371-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 394-жолмен толықтырылсын:

"394, Алаңы 37,8 мың шаршы метр

темекі фабрикасының объектісі Мақатаев көшесі, 117".

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК